



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Министерство юстиции Республики Казахстан




Ұлттық зияткерлік меншік институты
Национальный институт
интеллектуальной собственности

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ГODOVOЙ ОТЧЕТ

2014







Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Ұлттық зияткерлік меншік
институтының директоры
Сырым Бекенов

Директор Национального
института интеллектуальной
собственности
Министерства юстиции
Республики Казахстан
Сырым Бекенов

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК есеп беру жылы ішінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғауды қамтамасыз ету, соның ішінде өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауартаңбаларына, тауарлар шығарылатын жерлердің атауларына өтінімдерді, соның ішінде электрондық түрде берілген өтінімдерді қабылдау, сараптама жүргізу, тиісті қорғау құжаттарын беру, сонымен қатар ресми мәлімет жариялау және «ҰЗМИ» РМК Жарғысымен қарастырылған басқа жұмыстарды атқару жөнінде өзінің қызметін жалғастырды.

Қорытынды жыл алдымызға қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда өзінің жақсы нәтижесін берді. Біз халықаралық ынтымақтастық тәжірибесін алдық, өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша өзіміздің міндеттерімізді жетілдіру және сарапшылардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргіздік. 2014 жылдың тамыз айында елімізде орын алған әкімшілік реформаларға байланысты біз Қазақстан Республикасы Әділет

В отчетном году РГП «Национальный институт интеллектуальной собственности» Министерства юстиции Республики Казахстан (РГП «НИИС») продолжил свою деятельность по обеспечению правовой охраны объектов интеллектуальной собственности: обеспечение приема заявок, в т.ч. поданных в электронном виде, на изобретения, полезные модели, промышленные образцы, товарные знаки, наименования мест происхождения товаров, проведение экспертизы, выдачу соответствующих охранных документов, а также публикацию официальной информации и выполнение других работ, предусмотренных Уставом РГП «НИИС».

Итоговый год оставил позитивный след в реализации поставленных перед нами задач. Мы приобрели опыт международного сотрудничества, провели определенную работу по совершенствованию своих функций по оказанию государственных услуг в сфере промышленной собственности, в повышении квалификации экспертов. В августе 2014 г., в связи с произошедшими в стране административными реформами и упразднением Комитета по правам интеллектуальной соб-

министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК мәртебесіне ие болдық.

Жылдық есеп 2014 жылы елімізде жүргізілген зияткерлік меншік саласында шаралардың шолуын, сонымен қатар өнеркәсіптік меншік объектілерін және дараландыру құралдарын құқықтық қорғау саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету жөнінде, өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау базасын жетілдіру бойынша, халықаралық ынтымақтастық, кадрларды дайындау және қайта даярлау жөнінде мәліметті қамтиды.

2014 жылы зияткерлік меншік құқықтары саласында жұмыстың негізгі бағыттары:

- нормативтік және құқықтық базаны жетілдіру;
- халықаралық ынтымақтастық;
- өнеркәсіптік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- өнеркәсіптік меншік саласында құқықтық насихаттау болды.

«2012 жылы әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижелері туралы» отырыстың нәтижелері бойынша Елбасының тапсырмасын және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру бойынша міндеттерді орындау мақсатында «Зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы әзірленген.

2014 жылы ҚР Үкіметінің және Әділет министрінің Қаулысымен өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттары және тәртібі бекітілген.

Халықаралық ынтымақтастық «ҰЗМИ» РМК үшін қызметтің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. 2014 жылдың мамыр айында ҚР Әділет министрлігі VII Астана экономикалық

свенности Министерства юстиции мы получили статус РГП «Национальный институт интеллектуальной собственности» Министерства юстиции РК.

Годовой отчет содержит обзор мероприятий в сфере ИС, проводимых в стране в 2014 году, а также информацию об осуществлении функций по предоставлению государственных услуг в сфере правовой охраны объектов промышленной собственности и средств индивидуализации, о работе по совершенствованию правовой базы охраны объектов промышленной собственности, о международном сотрудничестве, подготовке и переподготовке кадров.

Основными направлениями работы в сфере прав интеллектуальной собственности в 2014 году были:

- совершенствование нормативной и правовой базы;
- международное сотрудничество;
- обеспечение адекватной защиты прав промышленной собственности;
- правовая пропаганда в области промышленной собственности.

В реализацию поручения Главы государства по итогам совещания «Об итогах социально-экономического развития за 2012 год и задачах по реализации Стратегии «Казахстан-2050» разработан проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам правового регулирования сферы интеллектуальной собственности».

В 2014 году Постановлением Правительства РК и приказами Министра юстиции РК утверждены стандарты и регламенты оказания государственных услуг в сфере промышленной собственности.

Для РГП «НИИС» одним из важных направлений деятельности является международное сотрудничество. В мае 2014 года мы приняли активное участие в подготовке и проведении Международного форума «Антиконтрафакт», проведенного Мини-



форумы шеңберінде өткізген «Анти-контрафакт» Халықаралық форумын ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатыстық.

Жыл барысында оқушылар мен студенттер арасында өнертапқыштықты дамыту жөнінде Корея Республикасы лекторларының қатысуымен оқу семинарлар, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру және технологияларды беру бойынша өнертапқыштар және кәсіпкерлер үшін ДЗМҰмен бірлесіп семинар өткізілді.

Сонымен қатар, біз үшін құқық иеленушілер, өңдіруші-компаниялардың өкілдері, мүдделі мемлекеттік органдарының қызметкерлері арасында құқықтық білімдерді насихаттау жұмысымыздың маңызды бөлігі болып табылады. Зияткерлік меншік мәселелерімен айналысатын мамандарды оқытудың бекітілген бағдарламасына сәйкес Алматы қ. филиалының Оқу орталығы осы бағытта үлкен жұмыс жүргізіп отыр. «ҰЗМИ» РМК және оның Алматы қ. филиалының мамандары Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары бекіткен кестеге сәйкес есеп беру мерзімінде өткізілген мүдделі мемлекеттік органдарының, өңдіруші-компанияларының қызметкерлері және құқық иеленушілер үшін аймақтық оқу семинарларында лекторлар ретінде сөз сөйледі. Зияткерлік меншік саласында мемлекеттің саясаты:

- зияткерлік меншік тиімді қорғау және қолдау;
- оның дамуын қолдау, қазақстандық өңдіруші-компаниялардың зияткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету;
- кіші және орта кәсіпорындарының ЗМ объектілерін құруда және пайдалануда қолдау;
- инновацияларды қолдау ортасын құру.

Осылайша, 2014 жылдың мамыр айында елімізде өнертапқыштықты қолдау мақсатында «Шапағат» мүсіншесін

стерством юстиции РК в рамках VII Астанинского экономического форума.

В течение года были проведены учебные семинары с участием лекторов из Республики Корея по развитию изобретательства среди учащихся и студентов, семинар совместно с ВОИС для изобретателей и предпринимателей по коммерциализации объектов интеллектуальной собственности и передаче технологий.

В связи с созданием Евразийского Экономического союза подготовлены проекты ряда Соглашений в сфере интеллектуальной собственности, которые унифицируют законодательства государств-членов ЕАЭС.

Также для нас важным участком работы является пропаганда знаний в сфере интеллектуальной собственности среди правообладателей, представителей компаний-производителей, а также сотрудников заинтересованных государственных органов. В данном направлении большая работа проводится Учебным центром филиала в г. Алматы, согласно утвержденной программе обучения специалистов, занимающихся вопросами интеллектуальной собственности. Специалисты РГП «НИИС» и его филиала в г. Алматы выступили в качестве лекторов на региональных обучающих семинарах для сотрудников заинтересованных государственных органов, компаний-производителей и правообладателей, проведенных в отчетный период согласно графика, утвержденного Заместителем Премьер-министра Республики Казахстан. Политика государства в области ИС заключается:

- в поддержке и предоставлении эффективной охраны ИС;
- в способствовании ее развитию, обеспечении прав ИС казахстанских компаний-производителей;
- в поддержке малых и средних предприятий в создании и использовании объектов ИС;
- в создании среды, способствующей инновациям.



беру, сонымен қатар ЕАПҰ және ДЗМҰ сыйлықтарын беру және осы конкурстың жеңімпаздарын марапаттаудың салтанатты рәсімін өткізумен жыл сайынғы Республикалық өнертабыс саласындағы жетістіктерінің конкурсы өткізілді. Үздік өнертапқыштарға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағы берілді.

Біз зияткерлік меншік жүйесінің жоғары дәрежесіне жетуге және әлемдік нарықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылудамыз. Біз осыған сарапшыларды оқыту және олардың халықаралық оқу бағдарламаларына қатысу жолымен жетуге тырысамыз.

Біз қиыр және таяу шығыстың барлық патенттік ұйымдарымен зияткерлік меншік құқықтық қорғауды дамыту саласында ынтымақтастыққа дайынбыз.

Осы есеп Қазақстанда өнеркәсіптік меншікті құқықтық қорғау жүйесінің қазіргі жағдайын түсінуге көмектеседі деп сенемін.

Так, в мае 2014 года, в целях поддержки изобретательства в стране проведен ежегодный республиканский конкурс достижений в сфере изобретательства с проведением торжественной церемонии награждения победителей этого конкурса и вручением статуэтки «Шапағат», а также наград ЕАПО и ВОИС. Лучшим изобретателям вручены звания «Заслуженный изобретатель Республики Казахстан».

Мы стремимся к достижению высокого уровня системы ИС и повышению конкурентоспособности Казахстана на мировом рынке. Мы будем добиваться этого путем обучения экспертов и их участия в международных учебных программах.


Мы готовы к сотрудничеству со всеми патентными ведомствами дальнего и ближнего зарубежья в сфере развития системы правовой охраны ИС, по оказанию методической помощи и обмену опытом.

Я искренне надеюсь, что отчет будет способствовать лучшему пониманию текущей ситуации в системе правовой охраны промышленной собственности в Казахстане.



**ҚР ӘМ «Ұлттық зияткерлік меншік институты»
ШЖҚ РМК құрылымы
Структура РГП на ПХВ «Национальный институт
интеллектуальной собственности» МЮ РК**

**ҚР ӘМ «ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ИНСТИТУТЫ»
ШЖҚ РМК ҚҰРЫЛЫМЫ
СТРУКТУРА РГП НА ПХВ «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ» МЮ РК**





**ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ
ПРАВОВАЯ ОХРАНА ОБЪЕКТОВ ПРОМЫШЛЕННОЙ
СОБСТВЕННОСТИ**

2 **ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ПРАВОВАЯ ОХРАНА ОБЪЕКТОВ ПРОМЫШЛЕННОЙ СОБСТВЕННОСТИ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ:

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
 - Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 Қылмыстық кодексі;
 - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Жалпы бөлім;
 - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Ерекше бөлім;
 - «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
 - «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
 - Қазақстан Республикасының Патент Заңы;
 - «Қазақстан Республикасының Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы № 11 Заңы;
 - «Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенция ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі № 545 Қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 17 мамырда Нормативтік құқықтық келсімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6234 болып тіркелген, 2010 жылғы 15 желтоқсанда № 16 «Қазақстан Республикасының орталық атқарушылық және басқа орталық мемлекеттік органдары актілері

НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ОБЛАСТИ ОХРАНЫ ПРОМЫШЛЕННОЙ СОБСТВЕННОСТИ:

- Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года;
 - Уголовный кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997 года № 167;
 - Гражданский Кодекс Республики Казахстан, Общая часть;
 - Гражданский Кодекс Республики Казахстан, Особенная часть;
 - Закон Республики Казахстан «О товарных знаках, знаках обслуживания и наименованиях мест происхождения товаров»;
 - Закон Республики Казахстан «Об охране селекционных достижений»;
 - Патентный Закон Республики Казахстан;
 - Закон Республики Казахстан от 30 декабря 1999 года № 11 «О присоединении Республики Казахстан к Конвенции, отменяющей требование легализации иностранных официальных документов»;
 - Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 апреля 2001 года № 545 «О мерах по реализации положений Конвенции, отменяющей требование легализации иностранных официальных документов»;
- Приказ и.о. Министра юстиции Республики Казахстан от 23 апреля 2010 года № 136 «Некоторые вопросы правовой охраны объектов промышленной собственности», зарегистрированный в Министерстве юстиции Республики Казахстан 17 мая 2010 года № 6234, опубликованный в «Собрании актов центральных исполнительных и иных центральных государственных органов Республики Ка-

жинағында» жарияланған Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 136 «Өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғаудың кейбір мәселелері» бұйрығымен «ҰЗМИ» РМК мен өкілетті органның негізгі қызметтерін регламенттейтін нұсқаулықтар бекітілген:

1) Селекциялық жетістіктерге патент беруге өтінім беру және қарау жөніндегі ереже;

2) Өнертабысқа инновациялық патентке немесе патентке өтінімді жасау, ресімдеу және қарау жөніндегі нұсқаулық;

3) Пайдалы модельге патент беруге өтінімді жасау, ресімдеу және қарау жөніндегі нұсқаулық;

4) Тауар таңбасына өтінімді жасау, ресімдеу және қарау жөніндегі нұсқаулық;

5) Тауардың шыққан жерінің атауы мен тауардың шыққан жерінің атауын пайдалану құқығына берілетін өтінімді жасау, ресімдеу және қарау жөніндегі нұсқаулық;

6) Қазақстан Республикасында тауар таңбасын (қызмет көрсету таңбасын) жалпыға мәлім деп тану жөніндегі ереже;

7) Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу жөніндегі нұсқаулық;

8) Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу жөніндегі нұсқаулық.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РАТИФИКАЦИЯЛАҒАН ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІК САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР

- Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын бекіткен Конвенция;
- Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Еуропалық қоғамдастықтар мен оларға мүше-мемлекеттер арасында серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім;

захстан» № 16 от 15 декабря 2010 года об утверждении инструкций, регламентирующих основную деятельность РГП «НИИС» и уполномоченного органа:

1) Правила подачи и рассмотрения заявки на выдачу патента на селекционное достижение;

2) Инструкция по составлению, оформлению и рассмотрению заявки на выдачу инновационного патента или патента на изобретение;

3) Инструкция по составлению, оформлению и рассмотрению заявки на выдачу патента на полезную модель;

4) Инструкция по составлению, оформлению и рассмотрению заявки на товарный знак;

5) Инструкция по составлению, оформлению и рассмотрению заявки на наименование места происхождения товара и предоставление права пользования наименованием места происхождения товара;

6) Правила признания товарного знака (знака обслуживания) общеизвестным в Республике Казахстан;

7) Инструкция по регистрации лицензионных, сублицензионных договоров на использование объектов промышленной собственности;

8) Инструкция по регистрации договоров об уступке исключительного права на объекты промышленной собственности.

МЕЖДУНАРОДНЫЕ СОГЛАШЕНИЯ В ОБЛАСТИ ПРОМЫШЛЕННОЙ СОБСТВЕННОСТИ, РАТИФИЦИРОВАННЫЕ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН

- Конвенция, учреждающая Всемирную организацию интеллектуальной собственности;
- Программа сотрудничества между Правительством Республики Казахстан и Всемирной Организацией Интеллектуальной Собственности;
- Соглашение о партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казах-

- Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Чеш Республикасы, Эстония Республикасы, Кипр Республикасы, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Венгер Республикасы, Мальта Республикасы, Польша Республикасы, Словения Республикасы және Словакияның Еуропалық Одаққа енуін ескере отырып, Еуропалық қоғамдастықтар және оларға мүше-мемлекеттер арасында серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге Хаттама;
- Зияткерлік меншік саласында құқық бұзушылықты ескерту және алдын алу бойынша ақпараттармен мемлекет аралық алмасуды ұйымдастыру және ұлттық мәліметтер қорын қалыптастыру тұжырымдамасы;
- Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы Париж конвенциясы;
- Патенттік кооперация туралы шарт (РСТ);
- Еуразиялық патенттік конвенция;
- Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі;
- Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне Хаттама;
- Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы шарт. Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы шартқа Нұсқаулық (ТЛТ);
- Патенттік реттемелер мақсатындағы микроорганизмдерді сақтауды халықаралық мойындау туралы Будапешт шарты;
- Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық сыныптамасын бекіту туралы Локарн келісімі;
- Таңбаларды тіркеу үшін Тауарлар мен қызметтердің халықаралық классификациясы туралы Ницца келісімі;
- Халықаралық патенттік классификация туралы Страсбург келісімі;
- Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім;
- Жалған тауар таңбалары мен географиялық белгілерді пайдаланудың алдын алу және ескерту бойынша шаралар туралы келісім;
- Өнеркәсіптік меншікті қорғау бойынша шаралар және өнеркәсіптік

стан, и Европейскими сообществами и их государствами-членами;

- Протокол к Соглашению о партнерстве и сотрудничестве, устанавливающему партнерство между Республикой Казахстан, с одной стороны, и Европейскими сообществами и их государствами-членами, с другой стороны, принимая во внимание вступление Чешской Республики, Эстонской Республики, Республики Кипр, Латвийской Республики, Литовской Республики, Венгерской Республики, Республики Мальта, Республики Польша, Республики Словения и Словацкой Республики в Европейский союз;
- Концепция формирования национальных баз данных и организации межгосударственного обмена информацией по предупреждению и пресечению правонарушений в области интеллектуальной собственности;
- Парижская конвенция об охране промышленной собственности;
- Договор о патентной кооперации (РСТ);
- Договор о патентном праве (PLT);
- Евразийская патентная Конвенция;
- Мадридское соглашение о международной регистрации товарных знаков;
- Протокол к Мадридскому соглашению о международной регистрации товарных знаков;
- Договор о законах по товарным знакам. Инструкция к Договору о законах по товарным знакам (ТЛТ);
- Будапештский договор о международном признании депонирования микроорганизмов для целей патентной процедуры;
- Локарнское соглашение об учреждении Международной классификации промышленных образцов;
- Ниццкое соглашение о Международной классификации товаров и услуг для регистрации знаков;
- Страсбургское соглашение о Международной патентной классификации;
- Соглашение о сотрудничестве по пресечению правонарушений в области интеллектуальной собственности;
- Соглашение о мерах по предупреждению и пресечению использования

меншікті қорғау мәселелері бойынша Мемлекетаралық кеңес құру туралы келісім;

- Өнертабысты құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпияларды сақтауды өзара қамтамасыз ету туралы келісім;

- CD-ROM оптикалық дисклеріне бірлескен аймақтық патенттік-ақпараттық өнімдер шығару туралы келісім;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы екі жақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында алынған және пайдаланылатын зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісімі;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

- Ресей Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы зияткерлік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

- Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруға қойылатын талаптарды жоятын Гаага конвенциясы.

- Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери-экономикалық ынтымақтастық барысында алынған және пайдаланылатын зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы

- Еуразиялық экономикалық одағы туралы шарты

ложных товарных знаков и географических указаний;

- Соглашение о мерах по охране промышленной собственности и создании Межгосударственного совета по вопросам охраны промышленной собственности;

- Соглашение о взаимном обеспечении сохранности межгосударственных секретов в области правовой охраны изобретений;

- Соглашение о выпуске совместного регионального патентно-информационного продукта на оптических дисках CD-ROM;

- Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о взаимной охране прав на результаты интеллектуальной деятельности, используемые и полученные в ходе двустороннего военно-технического сотрудничества;

- Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Грузии о сотрудничестве в области охраны промышленной собственности;

- Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Азербайджанской Республики о сотрудничестве в области охраны промышленной собственности;

- Соглашение между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан о сотрудничестве в области охраны промышленной собственности;

- Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Узбекистан о сотрудничестве в области охраны прав интеллектуальной собственности;

- Гаагская конвенция, отменяющая требование легализации иностранных официальных документов.

- Соглашение о взаимной охране прав на результаты интеллектуальной деятельности, полученные и используемые в ходе военно-экономического сотрудничества в рамках ОДКБ

- Договор о Евразийском экономическом союзе



**ӨНЕРКӘСІП МЕНШІК САЛАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ
ҚОРҒАУДЫҢ НОРМАТИВТІК БАЗАСЫН ЖЕТІЛДІРУ
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НОРМАТИВНОЙ
ПРАВОВОЙ БАЗЫ В СФЕРЕ ПРОМЫШЛЕННОЙ
СОБСТВЕННОСТИ**



3 ӨНЕРКӘСІП МЕНШІК САЛАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ НОРМАТИВТІК БАЗАСЫН ЖЕТІЛДІРУ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НОРМАТИВНОЙ ПРАВОВОЙ БАЗЫ В СФЕРЕ ПРОМЫШЛЕННОЙ СОБСТВЕННОСТИ

«2012 жылы элеуметтік-экономикалық дамудың нәтижелері туралы» отырыстың нәтижелері бойынша Елбасының тапсырмасын және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру бойынша міндеттерді орындау мақсатында «Зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы әзірленген (2013 жылдың 23 қаңтары).

Заң жобасының мақсаты зияткерлік меншік объектілерін тіркеу рәсімін жеңілдету, құқықтық кемшіліктерді жою, сонымен қатар, зияткерлік меншік саласында әкімшілік кедергілерді туғызатын нормаларды алып тастауы болып табылады.

Қазақстан және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің патенттік заңнамасын үйлестіру мақсатында Қазақстанда өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтар қорғау құралдарының тізімінен инновациялық патент алып тасталады.

Халықаралық тәжірибесін есепке ала отырып заңнамада пайдалы модель ұғымы бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

Сонымен қатар өзгерістер мен толықтырулар қорғау құжатын беруге төлеу шарттарын және мерзімдерін қысқарту, оны күште ұстау, патенттің әрекетін бұрынғы қалпына келтіру, іс қағаздар жүргізуді жылдамдату бөлігінде енгізіледі.

Заң жобасы қағаз тасымалдаушыда тауар таңбаға куәлік беруді алып тастуды және өтінім берушінің өтініші бойынша тек мемлекеттік тізілімінен көшірмесін

Проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам правового регулирования сферы интеллектуальной собственности» разработан в реализацию поручения Главы государства по итогам совещания «Об итогах социально-экономического развития за 2012 год и задачах по реализации Стратегии «Казахстан-2050» (проведено 23 января 2013 года).

Целью проекта Закона является дальнейшее упрощение процедуры регистрации объектов интеллектуальной собственности, устранение правовых пробелов, а также исключение норм, создающих административные барьеры в сфере интеллектуальной собственности.

В целях гармонизации патентного законодательства Казахстана и стран Организации экономического сотрудничества и развития исключается инновационный патент из перечня инструментов охраны прав на объекты промышленной собственности в Казахстане.

С учетом международного опыта вносятся изменения в законодательство в части понятия полезной модели, признав в качестве полезной модели не только устройства изобретения, но и способы и вещества изобретения.

Изменения и дополнения также вносятся в части сокращения сроков и условий оплаты за выдачу охранного документа, поддержание его в силе, восстановление действия патента, ускорения делопроизводства.

Проект Закона предусматривает отмену выдачи свидетельства на товарный знак на бумажных носителях и переход на

беру жолымен тауар таңбасын қорғауды растауды алудың автоматтандырылған жүйеге көшуді қарастырады.

Сонымен қатар Заң жобасында өнеркәсіптік меншік объекттерін тіркеу тәртібін жеңілдету мақсатында, қорғау құжатын алуға құқығын беруі хабарландыру тәртібіне ауыстыру ұсынылған.

2014 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 92 Қаулысымен өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік қызметтердің 10 стандарты бекітілген.

2014 жылғы 27 ақпандағы № 85 және 2014 жылғы 12 наурыздағы № 103 Әділет министрінің бұйрықтарымен өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік қызметтердің 13 реттемесі бекітілген.

2014 жылдың 18 желтоқсандағы Әділет министрінің № 368 бұйырығымен Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» Шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынымен жүзеге асырылатын жұмыстарға және қызметтерге бағалары бекітілген.

«Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдауына және мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекітуіне байланысты, «Өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысының жобасы әзірленді.

Қабылданған шаралар өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқық тіркеу рәсімін жеңілдетуге және қызмет алушылардың шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді (электрондық түрде өтінім беру үшін баждың көлемі 15 % түсіріледі).

2014 жылы зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектітері бойынша ДСҰ Келісімінің міндеттеріне сәйкес заңнамасын келтіру бойынша шаралар қабылданды: Грузия және Өзбекстан Республикасымен екі-жақты үкіметаралық келісіміне өзгерістер мен

автоматизированную систему получения подтверждения охраны товарного знака путем выдачи по просьбе заявителя только выписок из государственного реестра.

Также в целях упрощения процедуры регистрации объектов промышленной собственности, в проекте Закона передаче прав на получение охранного документа предлагается перевести на уведомительный порядок.

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 февраля 2014 года № 92 утверждены 10 стандартов государственных услуг в сфере промышленной собственности.

Приказами Министра юстиции от 27 февраля 2014 года № 85 от 12 марта 2014 года № 103 утверждены 13 регламентов государственных услуг в сфере промышленной собственности.

Приказом Министра юстиции от 18 декабря 2014 года № 368 утверждены цены на работы и услуги, реализуемые республиканским государственным предприятием на праве хозяйственного ведения «Национальный институт интеллектуальной собственности» Министерства юстиции Республики Казахстан.

В связи с принятием Закона Республики Казахстан «О государственных услугах» и утверждением реестра государственных услуг, разработан проект постановления Правительства РК «Об утверждении стандартов оказания государственных услуг в сфере промышленной собственности».

Принимаемые меры позволяют упростить процедуры регистрации прав на объекты промышленной собственности и сократить расходы услугополучателей (уменьшен размер пошлины на 15% за подачу заявки в электронном виде).

В 2014 году приняты меры по приведению законодательства в соответствие с требованиями Соглашения ВТО по торговому аспектам прав интеллектуальной собственности (ТРИПС): подписаны Протоколы о внесении изменений и дополнений в двухсторонние межправительственные со-

толықтырулар енгізу туралы Хаттамаларына қол қойылды; Қырғыз Республикасымен үкіметаралық Келісімінің әрекеті тоқтатылды; Әзірбайжан Республикасымен өнеркәсіптік меншікті қорғау саласында ынтымақтастық туралы әрекеттегі Келісіміне өзгерістер енгізу туралы Хаттамасына қол қою жоспарлануда.

глашения с Грузией и Республикой Узбекистан; прекращено действие межправительственного Соглашения с Кыргызской Республикой; Планируется подписание Протокола о внесении изменений в действующее Соглашение о сотрудничестве в области охраны промышленной собственности с Азербайджанской Республикой.

4 **ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН САРАПТАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ЭКСПЕРТИЗА И РЕГИСТРАЦИЯ ОБЪЕКТОВ ПРОМЫШЛЕННОЙ СОБСТВЕННОСТИ**

2014 жылы «ҰЗМИ» РМК барлығы 6925 өтінім келіп түсті.

1 кестедегі мәліметтерге сәйкес келіп түскен өтінімдердің негізгі бөлігі тауар таңбаларына келеді – 4258 өтінім, соның ішінде 2558 өтінім ұлттық өтінім берушілерінен, 1700 шетелдік өтінім берушілерінен келіп түскен.

Өнертабысқа барлығы 2012 өтінім келіп түсті, олардың 1740 ұлттық өтінім берушілерден, 272 шетелдік өтінім берушілерден келіп түскен.

Өнеркәсіптік үлгілерге – 300 өтінім келіп түскен, 107 өтінім ұлттық өтінім берушілерден, 193 шетелдік өтінім берушілерден келіп түсті.

Пайдалы модельдерге 203 өтінім келіп түсті, олардың 139 ұлттық өтінім берушілерден, 64 шетелдік өтінім берушілерден келіп түсті.

Селекциялық жетістіктерге – 152 өтінім келіп түсті, 45 өтінім жануарлар тұқымдарына, 107 өтінім өсімдік сорттарына келіп түсті.

Тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінім келіп түскен жоқ.

2014 жылы өнеркәсіптік меншік объектілеріне келіп түскен өтінімдердің саны – 11851, олардың ішінде: өнертабыстарға патенттерге ұлттық өтінім

В отчетном 2014 году в РГП «НИИС» поступило 6925 заявок.

По данным Таблицы 1 следует, что основная доля поступивших заявок приходится на товарные знаки – 4258 заявок, из которых 2558 поданы национальными заявителями, 1700 – иностранными.

На изобретения всего поступило 2012 заявок, из которых от национальных заявителей поступило 1740, иностранными – 272.

На промышленные образцы поступило 300 заявок, из которых 107 поступило от национальных заявителей, 193 – от иностранных.

На полезные модели – 203 заявки, 139 из которых поданы национальными заявителями, 64 – иностранными.

На селекционные достижения – 152, из которых 45 заявок были поданы на породы животных, 107 – на сорта растений.

На наименования мест происхождения товара заявок нет.

Количество выданных охранных документов составило – 11851, из них: изобретения от национальных заявителей – 1740, от иностранных заявителей – 272; по полезным моделям от национальных заявителей – 92, от иностранных заявителей – 73, по селекционным достижениям

берушілерден – 1740, шетелдік өтінім берушілерінен – 272; пайдалы модельдер бойынша ұлттық өтінім берушілерінен – 92; шетелдік өтінім берушілерінен – 73; селекциялық жетістіктерге ұлттық өтінім берушілерінен 96; шетелдік өтінім берушілерінен – 1, өнеркәсіптік үлгілері бойынша ұлттық өтінім берушілерінен – 92, шетелдік өтінім берушілерінен – 190; тауар таңбалары бойынша ұлттық өтінім берушілерінен – 1835, шетелдік өтінім берушілерінен – 2025, халықаралық тіркеу – 5942.

от национальных заявителей – 96, от иностранных заявителей – 1, по промышленным образцам от национальных заявителей – 92, от иностранных заявителей – 190, по товарным знакам от национальных заявителей – 1835, от иностранных заявителей – 2025, международная регистрация товарных знаков – 5942.

Общие сведения по выданным охраняемым документам на объекты промышленной собственности в 2014 году представлены в Таблице 2.

1 кесте
Таблица 1

2014 жылы өнеркәсіптік меншік нысандарын қорғау құжаттарын беруге «ҰЗМИ» РМК келіп түскен өтінімдер бойынша мәліметтер

Сведения по поступившим в РГП «НИИС» заявкам на выдачу охраняемых документов на объекты промышленной собственности в 2014 г.

Өтінімдер бойынша мәліметтер (2014 ж. қаңтар-желтоқсан) / Сведения по заявкам (январь-декабрь 2014 г.)	Келіп түскен өтінімдер саны / Количество поступивших заявок		
	Ұлттық өтінім берушілерден / От национальных заявителей	Шетел өтінім берушілерінен / От иностранных заявителей	Барлығы / Всего
Өнертабыстар бойынша / По изобретениям	1740	272	2012
Пайдалы модельдер бойынша / По полезным моделям	139	64	203
Өнеркәсіптік үлгілер бойынша / По промышленным образцам	107	193	300
Тауар таңбалары бойынша / По товарным знакам	2558	1700	4258
Тауар шығарылған жерлер атаулары бойынша / По наименованию места происхождения товара	-	-	-
Селекциялық жетістіктер бойынша По селекционным достижениям	жануарлар тұқымдары / породы животных		
	45	-	45
	өсімдіктер сорттары / сорта растений		
	64	43	107

2014 жылы «ҰЗМИ» РМК-на өнеркәсіптік меншік нысандарына берілген қорғау құжаттары бойынша мәліметтер

Сведения по выданным охраняемым документам на объекты промышленной собственности РГП «НИИС» в 2014 г.

Өнеркәсіптік меншік нысандары Объекты промышленной собственности	Берілген қорғау құжаттарының (патенттердің) саны/ Количество выданных охраняемых документов (патентов)		Берілген қорғау құжаттарының (инновациялық патенттердің) саны/ Количество выданных охраняемых документов (инновационных патентов)		Берілген қорғау құжаттарының (куәліктердің) саны/ Количество выданных охраняемых документов (свидетельств)		Барлығы / Итого
	Национальным заявителям	Иностранным заявителям	Национальным заявителям	Иностранным заявителям	Национальным заявителям	Иностранным заявителям	
Өнертабысқа / На изобретения	203	208	1091	2	-	-	1504
Барлығы / Всего	411		1093	-			
Пайдалы модельдерге / На полезные модели	92	73	-	-	-	-	165
Барлығы / Всего	165	-	-				
Өнеркәсіптік үлгілерге / На промышленные образцы	92	190	-	-	-	-	282
Барлығы / Всего	282	-	-				
Селекциялық жетістіктерге / На селекционные достижения	96	1	-	-	-	-	97
Барлығы / Всего	97	-	-				
Тауар шығарылған жерлер атауларына / На наименование места происхождения товара	-	-	-	-	-	1	1
Барлығы / Всего	-	-			1		
Тауар таңбаларына / На товарные знаки	-	-	-	-	1835	2025	9802
Тауар таңбаларын Халықаралық тіркеу Международная регистрация товарных знаков	-	-	5942				
Барлығы / Всего	-	-	9802				
Өнеркәсіптік меншік нысандарына берілген қорғау құжаттарының жалпы саны / Общее количество выданных охраняемых документов на объекты промышленной собственности							11851

ӨНЕРТАБЫСТАРДЫ, ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬДЕРДЫ ЖӘНЕ СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ЖЕТИСТІКТЕРДІ САРАПТАУ

2014 жылы өнертабысқа, пайдалы модельдерге және селекциялық жетістіктерге қорғау құжаттарын беруге өтінімдерін сараптамасын өнертабыстар, пайдалы модельдер және селекциялық жетістіктерді тіркеу және формалды сараптау басқармасы және өнертабыстар және пайдалы модельдерді сараптау басқармасы жүргізді. Басқарма құрамында химия және металлургия, биология және ветеринария, медицина және фармацевтика, механика және электротехника секторлары бар.

Өнертабыстар, пайдалы модельдер және селекциялық жетістіктерді тіркеу және формалды сараптау басқармасы ДЗМҰ аясында әрекет ететін Патенттік кооперация туралы шарт (РСТ) және Еуразиялық патенттік конвенция (ЕАПК) рәсімі бойынша шетелдік патенттеу үшін ұлттық өтінім берушілердің өнертабысқа қорғау құжаттарын беруге өтінімдерді қабылдайды.

Өнертабысқа қорғау құжатын беруге өтінімдерге сараптама жүргізу келесі екі кезеңнен тұрады:

- формалдық сараптама;
- мән бойынша сараптама.

ӨНЕРТАБЫСТАР

Өнертабысқа келіп түскен өтінімдер, сондай – ақ ұлттық және шетелдік өтінім берушілер арасындағы динамика 3 Кестеде көрсетілген.

ЭКСПЕРТИЗА ИЗОБРЕТЕНИЙ, ПОЛЕЗНЫХ МОДЕЛЕЙ И СЕЛЕКЦИОННЫХ ДОСТИЖЕНИЙ

Экспертиза заявок на выдачу охранных документов на изобретения, полезные модели и селекционные достижения в 2014 году осуществлялась управлением регистрации и формальной экспертизы изобретений, полезных моделей и селекционных достижений и управлением экспертизы изобретений и полезных моделей, в составе которых имеются секторы: химии и металлургии, биологии и ветеринарии, медицины и фармацевтики, механики и электротехники.

Управлением регистрации и формальной экспертизы изобретений, полезных моделей и селекционных достижений осуществляется прием заявок на выдачу охранных документов на изобретения от национальных заявителей для зарубежного патентования по процедуре Договора о патентной кооперации (РСТ), действующего в рамках ВОИС, и по процедуре Евразийской патентной конвенции (ЕАПК).

Экспертиза заявок на выдачу патента на изобретение состоит из двух этапов:

- формальной экспертизы;
- экспертизы по существу.


ИЗОБРЕТЕНИЯ

Сведения по поступившим заявкам на изобретения, а также распределение поданных заявок между национальными и иностранными заявителями представлены в Таблице 3.

Өнертабыстарға жылдар бойынша қорғау құжаттарын беруге өтінімдер беру
Подача заявок на выдачу охранных документов на изобретения по годам

Өтінімдер / Заявки	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	Барлығы / Всего	1992-2014
«ҰЗМИ» РМК-на берілді / Подано в РГП «НИИС»	1838	1674	1705	1850	1600	1503	2036	2012	14218	40008
Соның ішінде: / Из них:										
Ұлттық өтінім берушілерімен / Национальными заявителями	1644	1474	1513	1691	1415	1373	1824	1740	12674	34415
Шетел өтінім берушілерімен / Иностранными заявителями	194	200	192	159	185	130	212	272	1544	5593

Өнертабыстарға жылдар бойынша қорғау құжаттарын беруге өтінімдер беру



4 Кестеде 2014 жылы формалды сараптама кезеңінен өту үшін сараптамалық басқармаға өнертабысқа қорғау құжаттарын беруге келіп түскен ұлттық өтінімдердің жалпы саны көрсетілген. 2014 жылы 293 өтінім келіп түсті, оның ішінде ұлттық жеке тұлғалардан келіп түскен өтінімдер саны – 124, заңды тұлға болып табылатын ұлттық өтінім берушілерден – 169 өтінім келіп түсті.

В Таблице 4 приведено общее число национальных заявок на выдачу охранных документов на изобретения, поступивших в экспертное управление для прохождения формальной экспертизы. В 2014 году данные составили 293, из них поданы национальными физическими лицами – 124 заявок, юридическими лицами – 169.

Өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге 2014 жылы формалды сараптама жасау сатысына келіп түскен ұлттық өтінімдерді бөлу

Распределение национальных заявок на выдачу охранных документов на изобретения, поступивших на стадию формальной экспертизы за 2014 год

2014 жылға ұлттық өтінімдер Национальные заявки за 2014 год	Жеке тұлғалар / Физические лица	Заңды тұлғалар / Юридические лица	Барлығы / Всего
	124	169	293

5 Кестеде формалды сараптамадан өткізу үшін сараптамалық қызметке шетелдік өтінім берушілерден өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге келіп түскен өтінімдер туралы мәліметтер көрсетілген.

Формалды сараптама сатысына шетелдік өтінім берушілерден барлығы 275 өтінім өнертабысқа қорғау құжаттарын беруге келіп түсті, оның ішінде 262– алыс шетелдік мемлекеттерден келіп түсті, таяу шетелдік мемлекеттерден 13 өтінім келіп түсті. Өтінімдердің көп бөлігі–244 Патенттік кооперация туралы келісімшартқа (РСТ) сәйкес келіп түсті.

В Таблице 5 приведено распределение заявок, поданных иностранными заявителями на выдачу охранных документов на изобретения, поступивших в экспертную службу для прохождения формальной экспертизы.

Всего на стадию формальной экспертизы иностранными заявителями подано 275 заявок на выдачу охранных документов на изобретения, из них из стран дальнего зарубежья подано 262 заявок, из стран ближнего зарубежья – 13 заявок. Преобладающее количество заявок – 244, подано в соответствии с Договором о патентной кооперации (РСТ).

Өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге формалды сараптама сатысына келіп түскен шетелдік өтінімдерді бөлу

Распределение иностранных заявок на выдачу охранных документов на изобретения, поступивших на стадию формальной экспертизы

Шетелдік өтінімдер / Иностранные заявки	2014		Барлығы / Всего
	Жақын шетелдер / Ближнее зарубежье	Алыс шетелдер / Дальнее зарубежье	
Конвенциялық басымдық сұратумен берілгендері / Поданные с испрашиванием конвенционного приоритета	2	26	28
Конвенциялық басымдық сұратпай берілгендері / Поданные без испрашивания конвенционного приоритета	1	2	3
РСТ процедурасы бойынша ұлттық фазаға кіргендері / Вступившие в национальную фазу по процедуре РСТ	10	234	244
Барлығы / Всего	13	262	275

6 Кестеде өтінімдерді беру рәсімінің ерекшеліктеріне байланысты өнертабыстарға өтінімдерді жылдар бойынша бөлу көрсетілген.

В Таблице 6 показано распределение по годам заявок на изобретения, в зависимости от особенностей процедуры их подачи.

6 кесте
Таблица 6

Өнертабысқа қорғау құжаттарын беруге РСТ процедурасы бойынша және Еуразия патенттік конвенциясына (ЕАПК) сәйкес берілген өтінімдерді жылдар бойынша бөлу

Распределение по годам заявок на выдачу охранных документов на изобретения, поданных по процедуре РСТ и в соответствии с Евразийской патентной конвенцией (ЕАПК)

Өтінімдер саны / Количество заявок	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	Барлығы 2003-2014 / Всего 2003-2014
РСТ процедурасы бойынша берілгендер / Поданные по процедуре РСТ	16	4	21	17	22	19	18	23	172
ЕАПК процедурасы бойынша берілгендер / Поданные по процедуре ЕАПК	22	22	29	15	46	57	56	74	378

Өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге келіп түскен өтінімдерді өңірлер бойынша бөлу 7 Кестеде көрсетілген.

Алдыңғы жылдардағыдай өнертабысқа қорғау құжаттарын беруге келіп түскен өтінімдердің басым бөлігі Алматы қ. 773 (44,4 %) және Астана қ. 320 (18,3 %) өтінім берушілерінен түскен.

8 Кесте өнертабыстарына қорғау құжаттарын беруге өтінім берген ұлттық өтінім берушілер құрамындағы жеке және заңды тұлғалар санының Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша бөлінісін бейнелейді. Өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге заңды тұлғалардан өтінімдер саны айтарлықтай көп берілген – 1169, ол жалпы ұлттық өтінім берушілер берген өтінімдердің 67,1% құрайды.

9 Кестеде өнертабыстарына қорғау құжаттарын беруге шетелдік өтінім берушілер берген өтінімдердің бөлінісі берілген, осы мәліметтерден АҚШ 66 (24,2 %), Швейцария 61 (22,4 %) және

Распределение по регионам поступивших заявок на выдачу охранных документов на изобретения представлено в Таблице 7.

Как и в предыдущие годы наибольшее количество заявок на выдачу охранных документов на изобретения поступило от заявителей г. Алматы – 773 (44,4 %) и г. Астана – 320 (18,3 %).

Распределение по регионам Республики Казахстан физических и юридических лиц в составе национальных заявителей, подавших заявки на выдачу охранных документов на изобретения отражены в Таблице 8. Преобладающее количество заявок подано юридическими лицами – 1169, что составляет 67,1 % от общего количества заявок, поданных национальными заявителями.

Распределение по странам, заявителями которых поданы заявки на изобретения, представлено в Таблице 9, из данных которой следует, что наибольшее количество заявок подано заявителями США – 66

Франция – 17 (6,25 %) мемлекеттерінің өтінім берушілері берген өтінімдер санының неғұрлым көп екенін көреміз.

(24,2 %), Швейцарии – 61 (22,4 %) и Франции – 17 (6,25%)

7 кесте
Таблица 7

Ұлттық өтінім берушілерден өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге жылдар бойы келіп түскен өтінімдерді өңірлер бойынша бөлу

Распределение по регионам поступивших от национальных заявителей заявок на выдачу охранных документов на изобретения по годам

Өңір / Регион	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	Барлығы / Всего	1992-2014
Алматы	819	507	741	746	627	577	727	773	5517	16733
Алматы обл.										
Алматинская обл.	27	68	29	49	72	48	74	45	412	958
Астана	96	138	151	233	192	184	319	320	1633	2501
Ақмола обл.										
Ақмолинская обл.	28	41	11	17	33	24	26	24	204	537
Ақтөбе обл.										
Актюбинская обл.	31	33	26	15	8	12	18	10	153	505
Атырау обл.										
Атырауская обл.	8	7	12	4	9	2	7	7	56	204
Шығыс Қазақстан обл.										
Восточно-Казахстанская обл.	120	127	131	146	94	74	95	63	850	2695
Жамбыл обл.										
Жамбылская обл.	109	84	76	79	51	93	82	54	628	1586
Батыс Қазақстан обл.										
Западно-Казахстанская обл.	11	20	18	26	18	14	20	18	145	265
Қарағанды обл.										
Қарагандинская обл.	120	109	122	135	115	133	136	171	1041	3388
Қостанай обл.										
Қостанайская обл.	35	59	27	33	18	35	50	26	283	671
Қызылорда обл.										
Қызылординская обл.	6	21	9	16	4	13	8	18	95	177
Маңғыстау обл.										
Мангистауская обл.	3	2	7	17	18	4	11	12	74	364
Павлодар обл.										
Павлодарская обл.	77	108	48	58	47	38	69	68	513	1193
Солтүстік Қазақстан обл.										
Северо-Казахстанская обл.	27	22	24	16	25	20	22	24	180	388
Оңтүстік Қазақстан обл.										
Южно-Казахстанская обл.	127	128	81	101	100	102	160	107	906	2267
Барлығы / Всего	1644	1474	1513	1691	1431	1373	1824	1740	12690	34432

2014 жылы өңірлер бойынша ұлттық өтінім берушілерден (заңды және жеке тұлғалардан) өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге келіп түскен өтінімдерді бөлу

Распределение поданных заявок на выдачу охранных документов на изобретения в 2014 году национальными заявителями (юридическими и физическими лицами) по регионам

Өңір / Регион	Заңды тұлғалардан келіп түскен өтінімдер саны / Количество заявок от юридических лиц	Жеке тұлғалардан келіп түскен өтінімдер саны / Количество заявок от физических лиц	Барлығы / Всего
Алматы	533	240	773
Алматы обл. / Алматинская обл.	27	18	45
Астана	256	64	320
Ақмола обл. / Акмолинская обл.	14	10	24
Ақтөбе обл.			
Актюбинская обл.	8	2	10
Атырау обл. / Атырауская обл.	3	4	7
Шығыс Қазақстан обл. / Восточно-Казахстанская обл.	40	23	63
Жамбыл обл. / Жамбылская обл.	49	5	54
Батыс Қазақстан обл. / Западно-Казахстанская обл.	15	3	18
Қарағанды обл. / Карагандинская обл.	57	114	171
Қостанай обл. / Костанайская обл.	15	11	26
Қызылорда обл. / Кызылординская обл.	9	9	18
Маңғыстау обл. / Мангистауская обл.	5	7	12
Павлодар обл. / Павлодарская обл.	52	16	68
Солтүстік Қазақстан обл. / Северо-Казахстанская обл.	15	9	24
Оңтүстік Қазақстан обл. / Южно-Казахстанская обл.	71	36	107
Барлығы / Всего	1169	571	1740

Жылдар бойынша шетел өтінім берушілерінен өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге өтінімдерді шыққан елдер бойынша бөлу

Распределение по странам происхождения заявок на выдачу охранных документов на изобретения от иностранных заявителей по годам

№	Өтінімдер шыққан ел/ Страна происхождения заявки	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	Барлығы/ Всего
1.	Австралия	2	1	1	1	2	3	2	3	15
2.	Австрия	3	4	3	2	2	3	-	3	20
3.	Әзірбайжан / Азербайджан	-	3	-	-	-	-	-	-	3
4.	Аргентина	-	-	-	-	2	-	-	-	2
5.	Беларусь	-	-	-	-	-	-	1	-	1
6.	Бельгия	1	-	-	-	3	-	1	-	5
7.	Бермуды	-	-	1	-	-	-	-	-	1
8.	Болгария	-	1	-	-	-	-	-	-	1
9.	Бразилия	-	2	1	1	2	-	1	-	7
10.	Ұлыбритания / Великобритания	6	1	2	5	5	3	1	2	25
11.	Венгрия	-	2	1	-	-	-	-	-	3
12.	Германия	20	26	27	16	19	14	29	16	167
13.	Грузия	-	-	1	-	1	-	-	-	2
14.	Дания	-	3	1	-	-	-	1	5	10
15.	Израиль	-	-	2	2	-	-	3	4	11
16.	Үндістан / Индия	3	6	-	4	2	3	-	-	18
17.	Испания	1	-	-	2	-	-	2	1	6
18.	Италия	6	4	8	10	14	18	16	14	90
19.	Кайманов аралдары / Каймановы острова	-	1	1	-	-	-	-	-	2
20.	Канада	-	4	6	6	5	4	4	8	37
21.	Қытай / Китай	3	10	5	3	8	4	6	7	46
22.	Кипр	-	-	-	-	1	-	3	1	4
23.	Корея	23	5	5	6	12	3	9	11	74
24.	Қырғызстан / Кыргызстан	-	-	1	2	1	-	-	-	4
25.	Литва	-	-	-	-	1	-	-	-	1
26.	Мексика	1	-	-	-	-	-	-	-	1
27.	Нидерланды	8	8	1	2	-	-	4	4	27
28.	Польша	-	-	-	-	-	1	-	2	3
29.	Норвегия	3	4	3	1	-	-	1	-	12
30.	Ресей / Россия	22	31	26	17	21	7	8	15	147
31.	Сингапур	1	-	-	-	-	-	-	-	1
32.	Словакия	-	2	1	-	-	-	-	-	3
